

Кәсіби бағдар беру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы Анықтама

Мамандық таңдау – өмірлік маңызды шешімдердің бірі. Адамның өмір сапасы мен табысы мамандыққа байланысты. Әр мамандық қоғамның дамуына өз үлесін қосады. Дұрыс тандалған сала арқылы адам өзінің әлеуетін қоғам игілігіне жұмсай алады.

Мамандық таңдауда ұзақ мерзімді тұрақтылық қажет етіледі. Кәсіби жол – тек табыс көзі ғана емес, сонымен бірге өмір бойғы дамудың бағыты. Дұрыс таңдау болашақта жұмысқа қанағаттануды және тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Мамандық тек кәсіби дағдыларды емес, сонымен қатар жауапкершілік, көшбасшылық, қарым-қатынас секілді өмірлік маңызды қасиеттерді де қалыптастырады. Мектепте 9-11 класс оқушыларының өз мамандығынан таңдауды анықтау мақсатында ашық сауалнама жүргізілді.

Мамандық таңдау – адамның өз болашағын, өмір салтын және қоғамдағы орнын айқындайтын қадам. Сондықтан оны ойланып, қабілет пен қызығушылықты ескере отырып жасау өте маңызды. Педагог мамандар мен ата-аналар болып, жастарға өз қабілетінің ерекшелігіне қарай дұрыс мамандық таңдауға көмектесейік!



<https://www.instagram.com/p/DPBswpxDAon/?igsh=MWE1OHNvdnh2NDY4cw>

≡